

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – МӘҢГІЛІК ЕЛ МҰРАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

2017 жылы Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын» деп, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жариялаған болатын.

Ел дамуының жарқын үлгісі іспетті келелі ой мен батыл шешімдерге құрылған маңызды құжаттың қабылданғанына биыл үш жыл толып отыр.

Қостанай облыстық білім беру саласы бойынша бағдарлама негізінде 2019 жылы 124 жоба және 417 іс-шара жүзеге асырылып, 2018 жылмен салыстырғанда 21 жобаға ұлғайғанын көрсетті. Жоспар бойынша іс-шараларды іске асыруға барлығы 236,004 млн теңге қаражат жұмсау жоспарланса, бөлінген қаражат 52,863 млн теңгеге артық орындалды. Демеушілер есебінен тартылған қаражат 233,289 млн теңгеге жетіп, барлық қаржының 80 пайызын құрады. Бұл білім саласындағы әлеуметтік-әріптестік байланыстың белсенді түрде жүргізілгенін көрсетті.

Қарасу ауданында аталған ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерімен әріптестік байланыс орнатылып, 121 млн теңгеге 96 орындық балабақша ашылса, жас ұстаздар үшін 5 тұрғын үй құрылысы салынды. Алтынсарин ауданында құны 8 млн теңгені құрайтын «Корни травы» жобасы аясында Жапония елімен заманауи білімнің қажеттіліктеріне қол жеткізуге толықтай мүмкіндік беретін халықаралық байланыс жүргізілді.

Амангелді ауданында да келелі іс-шаралар өз жалғасын тауып, мектеп жанынан екі футбол алаңы,

шеберхана, мұражай, оқу кабинеттері мен робот техника кабинетін ашуға мектеп түлектері өз үлестерін қосып, демеушілер 45 млн теңге қаражат бөлді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде облыс аумағында меценаттардың көмегімен барлығы 65 IT сынып және 30 робот техника кабинеті 325,4 млн теңгеге жабдықталса, оның ішіндегі 42 IT сынып пен 24 робот техника кабинеті ауылдық жерде ашылған. Мұндай ауқымды шаралар бағдарламаның мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік туғызып, оқушылар мен ұстаздарымыздың сандық технологиялар саласында өз жобаларын жасап, білім сапасының артуына септігін тигізді.

Облыс бойынша өткен жыл ішінде оқушылар IT технология саласы бойынша интеллектуалды конкурстарда 69 медаль иеленсе, төрт мұғалім республикалық «Үздік педагог – 2019» конкурсында жеңімпаз атанған. Жеңіске жеткен үш ұстаздың шағын жинақты ауылдық мектептен қатынасқанын есепке алсақ, бағдарлама барысында атқарылып жатқан іс-шаралар оқушыларымыз бен ұстаздарымызға өз пайдасын



тигізіп, республикалық, халықаралық байқауларға даңғыл жол ашып жатқанын көруге болады.

Туған елге деген сүйіспеншілікті жастардың бойына дарытып, ұлттық төл құндылықтарымызды насихаттауда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңыздылығы жоғары. Қоғамдық сананы модернизациялау мақсатында бағдарламаны іске асыру жөніндегі ҚР Президенті жанындағы ұлттық комиссия отырысының хаттамасын орындау мақсатында 2019 жылы қостанайлық ұстаздарымыздың еңбегімен «Өлкетану» хрестоматиясы оқулығы құрастырылды. Жергілікті өлкетану компоненттері қамтылған оқулықты шығару және сатып алу үшін 12,9 млн теңге жұмсалса, 2019 жылға текті (автор: что означает это слово?) білім беру ұйымдарын оқулықпен толық қамтамасыз ету үшін 73 млн теңге қаражат бөлінді.

Бүгінде туған өлке тарихымен оқушыларды етене таныстыруда



мектеп мұражайларының саны екі есеге дейін артып, соңғы үш жылда мұражайлар саны 205-ке жетіп отыр. Қостанай қалалық физика-математика лицейінің өлкетану мұражайы өздерінің құнды жәдігерлерімен республикалық мектеп мұражайларының конкурсына қатынасып, жеңімпаз атанғанын мақтанышпен айта аламыз. «Өлкетану» бағытында жұмыстарды жандандыру мақсатында биылғы жылы Арқалық қаласындағы «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығы базасынан цифрлық мұражай ашу жоспарлануда.

Білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді-мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, зерттеу жұмыстарын жүргізуді көздейтін бағыт аясында оқушылар туризмі де ауқымды түрде дамып келеді. Жазғы демалыс уақыттарында ұйымдастырылатын 600-ге жуық туристік-өлкетану экспедициясымен жыл сайын 12 мыңға жуық мектеп оқушысы қамтылып келеді. Жас өлкетанушылар өз кезегінде туған өлкеміздің тарихи, сакралды орындарына саяхат жасап, өздерінің кіші зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Қостанай облыстық білім басқармасының дене шынықтыру және балалар мен жасөспірімдер туризмі өңірлік орталығы өткен жылы бағдарлама аясында «Менің Отаным – Қазақстан» атты жас өлкетанушылардың слеті мен «Еуропа-Азия» туристік фестивалін ұйымдастырды. Аталған шараға

облысымыздың әр аймағынан келген оқушылар белсенді түрде әрі аса қызығушылықпен қатынаса білді.

Жастар жылына орай өлкемізде І облыстық отбасылық туристік слет ұйымдастырылып, республикалық туристік жарыста біздің оқушыларымыз алғаш рет күміс және қола медальді қанжығаларына байлады. Мұндай іс-шаралар оқушылардың туризм мен спортқа деген қызығушылықтарын арттырып қоймай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген негізгі құндылықтарды да нығайтуға өз ықпалын тигізери анық.

Сонымен қатар, балалар шығармашылығының «Арман-дастар» фестиваль-конкурсы, оқушылардың әлеуметтік бастамалары мен шығармашылық жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Идея бар» конкурсы, «Үздік мектеп мұражайы» байқауы бойынша анықталған үздік жұмыстар байқаудың республикалық кезеңіне де қатынасып, облысымыздың мәртебесін лайықты деңгейде көрсете білді.

Қостанай облысы аумағында балалар мен жасөспірімдер қозғалысын дамыту мақсатында өткізілген шатырлы лагерь іс-шарасы жас ұрпақтың бойына патриоттық сана-сезім қалыптастырып қана қоймай, олардың салауатты өмір салтын сақтауына, жазғы демалыс уақыттарын тиімді пайдаланатырып, спорттық, өлкетану жұмыстарын жүргізуге де мұрындық болды.



Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруға бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын «Қостанай дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы да өз жобалары арқылы тиімді жүзеге асырып келеді. Дәстүрлі түрде өтетін әдеби оқулар мен ана тіліміздің мәртебесін асқақтату мақсатында өткізілетін «Тіл шамшырақтары» конкурсы, облыстық жас тарихшылардың «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурсы, «Ділмар», «Ақберен» ақындық және шешендік өнер додалары оқушыларымыздың дарыны мен шығармашылық қабілеттерін шыңдап, өңіріміздің әр аймағынан жас таланттарды анықтауға әрі оларға қолдау көрсетуге септігін тигізуде.

Түптеп келгенде, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – бұл жай ғана мақала емес, қазіргі кезеңіміздің жарқын көрінісі, жас ұрпақ үшін жасалған нық қадам, Мәңгілік ел мұратын жүзеге асырудың түп қазығы деп есептеймін. Бағдарлама үш кезеңде, 2030 жылға дейін жүзеге асырылатындықтан, облысымыздың білім беру саласында ауқымды іс-шаралар өз жалғасын таба бермек.

Нұржан ОРАЗҒАЛИҰЛЫ,
«Қостанай облысы әкімдігінің
білім басқармасы»
ММ Әдістемелік қолдау
орталығының Мемлекеттік
бағдарламаларды жүзеге асыру
мониторингтік бөлімінің басшысы



АННОТАЦИЯ

О большой многосторонней работе с молодым поколением, проводимой в рамках реализации программ «Рухани жаңғыру» и «Туған жер» рассказывается в данной статье.